Всего Департаментом с начала текущего года **возбуждено 9 административных производств**, в том числе 6 административных коррупционных правонарушений.

«Вместе с тем, согласно подпункту 11 пункта 1 статьи 61 Закона РК «О государственной службе Республики Казахстан» совершение административного коррупционного правонарушения является основанием для прекращения государственной службы административными государственными служащими», - предупредил главный специалист Антикоррупционной службы Актюбинской области Нурболат Махмұтов.

Кроме этого, согласно подпункту пункта 3 статьи 16 вышеуказанного Закона, на государственную службу не может быть принят гражданин, на которого в течение 3-х лет до поступления на государственную службу за совершение коррупционного правонарушения налагалось административное взыскание.

В завершение мероприятия спикер ответил на вопросы, поступившие от присутствующих.

Управление превенции и добропорядочности Департамента Агентства РК по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) по Актюбинской области.

ШАЛҒЫН КӨБЕЛЕКТЕРІНІҢ ЗИЯНЫ КӨП

Ауыл шаруашылығы зиянкестері – қолдан өсірілетін өсімдіктерді зақымдайтын не мүлдем құртып жіберетін жөндіктер мен жануарлар.

Соңғы күндері қалыптасқан ауа-райы жағдайына байланысты бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне зиянын тигізетін шалғын көбелегінің аудан аумағында шыға бастағаны ҚР АШМ АӘК МИК «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар едістемелік орталығы» РММ Ойыл аудандық филиалының мамандарының зерттеулері нәтижесінде белгілі болды. Шалғын көбелегі мамыр айында жұмыртқа сала бастайды. Содан кейін 10 күннің ішінде жөндіктің құрттары пайда болады. Көбелектің аналықтары жұмыртқаларын арашөптер мен мәдени өсімдіктердің жалырақтарының астығы жағына салады. Олардың құрттары көбінесе картоп, жүргізіледі. Шалғын көбелегіне қарсы химиялық өңдеу жүргізуге мемлекеттен қаржы бөлінбейді. Себебі, Ауыл шаруашылығы министрлігі 2020 жылдың 19 наурызындағы №100 бұйрығымен жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды жөндіктердің тізбесіне өзгеріс енгізді. Соған сәйкес шалғын көбелегі құртын міндетті улауға жататын зиянкестер қатарынан алынып тасталған. Сондықтан зиянкестің бұл түрін ауыл шаруашылығы құрылымдары өз қаражаты есебінен улауы керек. Ал мемлекет шалғын көбелекпен күрес үшін жұмсалған химиялық препараттарға (пестицидтер) кеткен шығынның 50 пайызын өтейді, яғни субсидия төлейді.

Бір айтатын жайт, пестицидтер Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген болуы керек. Ал пестицидтерді қолданғанда санитарлық нормалар мен ереже талаптарын естен шығармаған жөн. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен көбелекке қатысты шағым немесе дабылдық хабарлама түскен жоқ. «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар едістемелік орталығы» РММ Ойыл аудандық филиалының мамандары зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.



көкністер мен бақша өнімдеріне көп зиян келтіреді. Жемдік база болмаған жағдайда ол дөңді дақылдарға да зиян келтіреді. Жалырақтарда терезе теріздес тесікшелер қалдырып зақымдайды. Жаппай көбейген жағдайда олардың зияны шегірткелермен зақымданған жағдаймен салыстыруға болады. Ал ауа-райы құрғақта ыстық болған жағдайда олар жұмыртқалағанмен личинкалары кеуіп өздігінен өліп те қалады.

Б.ТӨЛЕПОВА,
Ойыл аудандық аумақтық инспекция өсімдік және қорғау карантин жөніндегі бас маманы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы, Зейнегул Сайлауқызы Айдарова (18.03.1985 – 23.02.2008 жыл)

Кеттің көзден, мәңгі біден жырақтап, Сенбей көңіл, іздесек те шырақ ап, Оралмадың бұл-бұл ұшып бір сәтте, О дүниені мекен қылып тұрақтап. Шырақ едің, сөуле едің, ай едің, Жаның толы, мейірімге бай едің. Ілім, білім, тәрбиеге қаныққан, Үлгі болып, үмітке үлкен сай едің. Сен кеткенде жанарлар да жылап тым, Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың. Жақсылықтың жанашыры білеміз, Орын алдың ақ төрінен жұмақтың. Өлі күнге ұмытылмай тұр-тұлаң, Ете шықты жымыра жылда тыныш ұйықта, Жылы-жылдам, жаң бауырым! Армандарға асқақ біздер жетсек те, Қарап жатсың бәрімізге бір қырдан. Бірге ойнап, бірге өскен, болған бауыр, Батырарын сездік пе оларға ауыр? Қаяпда үзіліп кетті ортамыздан жетекшісі Ерік Нұрсұлтанұлы.

БІЗ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 2002 ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕРІ ӨМІРДЕН ЕРТЕ КЕТКЕН КЛАССТАС ДОСТАРЫМЫЗ ТАЙГОЖИЕВ РАМЗАН САЛЫҚЖАНҰЛЫ, АЙДАРОВА ЗЕЙНЕГУЛ САЙЛАУҚЫЗЫ, ЕРТЛЕУОВ АЙДАРХАН АМАНГЕЛДҰЛЫН МЕКТЕП БІТІРГЕНІМІЗГЕ 20 ЖЫЛ ТОЛУ ҚАРСАҢЫНДА САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛЕРІҢ МӘҢГІ ЕСІМІЗДЕ!

 Тайгожиев Рамзан Салықжанұлы (17.06.1985ж – 24.09.2016ж) Биік еді арамдыда тұғырың, Ерте үзілді үкілеген ғұмырың, Бір ата-ана айырылды ұлынан, Жер Ана қойнына алды бір ұлын. Жігіт едің өткірлің семсердей, Тума-туыс жылап қалды кемсендей, Отбасың да қайғы жұтты неше жыл, Жақсы бауыр оралмайды дәл сендей. Сағыныштан жүректерден жыр аққан, Мойымаушы ең алда болар сынақтан, Жатқан жерің жайлы болсын, Рамзан! Орының тек бұйырсыншы «Жұмақтан»	 Ертілеуов Айдархан Амангелдіұлы (23.02.1985ж – 24.09.2006ж) Сені ойлап жүрек шіркін езілді, Сағынамыз күліп жүрген кезіңді. Ортамыздан ерте кеттің бауырым, Сағындық қой болсақ тағы төзімді. Жетелейді өмірдің бұл белесі, Жігіт едің жігіттің нақ төресі. Шамшырағың ерте сенді жалғанда, Біздің амал дұға тілеу тек осы. Бауырым деп еске аламыз өзіңді, Сағынғанбыз өзілдеген сөзіңді! Тек күлімдеп тұра-тұғын өмірде, Қоштастың да мәңгі жұмдың кезіңді. Ерте кетіп жанарларды жылаттың, Жігеріміз сыңған еді құлап мың. Сыныптастар еске аламыз бауырым, Төрі болсын жатқан жерің Жұмақтың.	 Айдарова Зейнегул Сайлауқызы (18.03.1985ж – 23.02.2008ж) Жете алмай жетелеген арманға, Көп қиналдық сен кеткелі жалғанда. Күліп ойнап жүруші едік бауыр деп, Осы күні ортамызда болғанда. Сен кеткелі дауысыңды сағындық, Бұл өмірдің бар заңына бағындық, Сыныптастар еске алып келеміз, Сағыныштан кеуде толы жарылдық. Сені еске салар әрбір таң атқан, Өзің едің қолы ашық жомарт жан, Ерте кетіп арамыздан қайғырттың, Панасына алсын сені Жаратқан!
--	--	---

Еске алушылар: 2002 жылдың түлектері 1985-төр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨТКІЗІЛЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ 2022 ЖЫЛҒЫ 5 МАУСЫМ

Ойыл аудандық аумақтық референдум комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағы, 3-тармақшасына сәйкес **2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумда** ауданның республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтарының дауыс беруі жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып, 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан референдум учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

К/с	Референдум учаскесінің нөмірі	Референдум учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№ 391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№ 392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№ 393	Екпетап ауылы, Жасыл ел 21, «Екпетап мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-1-47
6	№ 394	Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі 1, «Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты,
7	№ 395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-81
8	№ 396	Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі 2, «Соркөл орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
9	№ 397	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапхана ғимараты, телефон: 8 (71332) 37-5-35
10	№ 398	Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
11	№ 399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
12	№ 400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
13	№ 401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
14	№ 402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
15	№ 404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13, Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
16	№ 405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
17	№ 406	Қарай ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қарай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-31
18	№ 407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
19	№ 408	Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-45
20	№ 409	Шикүдық ауылы, Мектеп көшесі 16, «Теректі негізгі мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
21	№ 410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Бестамақ ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
22	№ 411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
23	№ 412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Қайыңды ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
24	№ 413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42

«ФЕДЕРАЦИЯ КУБОГІ» ҮШІН ӨТКЕН ЖАРЫС ЕКІ КҮН ОЙЛАДЫ ДҮБІРГЕ БӨЛЕДІ

Өткен аптада Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде еркін күрестен 2010-2011, 2012-2013 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы «Ақтөбе облыстық грек-рим, еркін және өйелдер күрес федерациясының жұлдесі» үшін ауданаралық «Федерация кубогі» ашық турнирі өткізілді. Ашық турнирге 10 салмақ дәрежесі бойынша Ақтөбе қаласынан 2 команда, Темір ауданы, Алға ауданы (Бестамақ ауылы), Мұғалжар ауданы және Ойыл ауданынан бес команда қатысты.

Ойылдың бозкілемінде екі күн «көсілген» балғын палуандар барын салды. Біреудің бағы жанды. Біреудің бабы мен шеберлігі басым болды. Ағайыны мен жерлестерінің алдында намысқа тырысқан, ауылдас-тарының қиқуынан қуат алып, қанаттанған біздің ауданның жас палуандары да есептен жіберген жоқ. 150-ге жуық балғын палуандардың басын қосқан ашық турнирге Ақтөбе облыстық грек-рим, еркін және өйелдер күрес федерациясының вице-президенті Дәурен Жабасов қатынасып, жұлдегерлерге федерация атынан мақтау қағаздар, медальдар, кубоктармен бағалы естелік сыйлықтар табыстады.

Өз тілшіміз.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
 Директоры-Редакторы Серікбай Қойбағаров
 Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
 Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс № 665 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АЙМАҚТЫҚ СПАРТАКИАДА ЕЛЕУСІН АҒАМЫЗДЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

ЕЛЕУСІН САҒЫНДЫҚОВТЫ ОЙЫЛ ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА ТАНЫСТЫРЫП ЖАТУ АЗАМАТТЫҒЫМЫЗҒА СЫН. АЛАЙДА КЕІНГІ БУЫНҒА ҮЛГІ ЕТІП, ЕҢБЕГІН ҰЛЫҚТАУ БҮГІНГІ КҮНДЕ БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ. ӨЙТКЕНІ ОЙЫЛДАҒЫ ОРАЙЛЫ ШАРУАЛАРДЫҢ ҚОЛДАУШЫСЫ БОЛЫП КЕЛГЕН ЕЛЕУСІН НАУРЫЗБАЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕГІ ҰШАН-ТЕҢІЗ. «ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ, НҰРЫ ТАСЫСЫН» - ДЕГЕНДЕЙ-АҚ, ОНЫҢ ОЙЫЛДЫҚТАР ҮШІН ТЫНДЫРЫМДЫ АТҚАРҒАН ІСТЕРІН КИЕЛІ КӨКЖАР ТАРИХЫНА АЛТЫН ӨРІПТЕРМЕН ЖАЗСА ДА АРТЫҚ БОЛМАС. ОЙЫЛДЫҢ ҚАЛАҒА ҚАТЫНАЙТЫН КҮРЕ ЖОЛЫН АСФАЛЬТТАУ, САРАЛЖЫН МЕН САРБИЕГЕ КӨПІР САЛУ, БЕРТІН КЕЛЕ ӨЗІ БІЛІМ АЛҒАН ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА ЖАҢА, ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ ОҚУ КОРПУСЫ МЕН ЖАТАҚХАНА САЛУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАСАУҒА ЫҚПАЛ ЕТІП, ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕСІН ДЕ ШЕШІП БЕРГЕН ОСЫ ЕЛЕУСІН АҒАМЫЗ ЕДІ. ЕШҚАНДАЙ ӨНДІРІСІ ЖОҚ, ШАЛҒАЙДА ЖАТҚАН ОЙЫЛ АУДАНЫНА КӨГІЛДІР ОТЫН ТАРТУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕ ДЕ ІСТІҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА БОЛҒАНЫН АЙТПАЙ КЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ. МІНЕ, БҮГІНДЕ СОЛ ЕЛЕУСІН САҒЫНДЫҚОВ АҒАМЫЗ МЕРЕЙЛІ 75 ЖАСҚА ТОЛДЫ.



Осы орайда өткен сенбі күні ел ішінде «Мамандар даярлайтын қара шаңырақ» аталып жүрген Ойыл аграрлық колледжінде Мемлекет және қоғам қайраткері, Ойыл ауданының құрметті азаматы Елеусін Сағындықовтың 75 жас мерейтойына арналған аймақтық спартакиада өтті. Айтулы шараға қоғам қайраткерінің апасы Ақпаша Наурызбайқызы апамыз арнайы келді. Сонымен қатар шараның ашылу салтанатына еңбек, спорт ардагерлері мен мекеме басшылары қатысты.

Ойыл аграрлық колледжі директоры Серік Фазизұлының

Темір ауданының спортшылары қарсылас шыдапай, аймақтық спартакиаданың жеңімпазы атанды. Гір тасын көтеруден 63,68 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Мәртөк ауданының спортшылары алға шықса, 78 килограмм салмақ дәрежесінде байғаниндік Ш.Аққозин топтан дара шықты. Пневматикалық мылтық атудан ерлер мен әйелдер арасында мергендіктерін дәлелдей көрсеткен мөртөктік спортшылар жеңімпаз атанса, үстел теннисінен ойылдық спортшылар топ жарды. Тоғызқумалақтың бірінші орны ерлер арасында Байғаниннің, әйелдер арасында Ойылдың еншісінде қалды. Ал, волейболдан командалар арасындағы әр кездесу тартысты өтті. Әр кездесуде Мәртөк ауданының спортшылары волейбол ойынын өбден меңгергендігіне куә болды. Ойыншылары да бірі-бірінен асып түсті. Шетінен «сен тұр, мен атайын» дегендей, айрықша ойын көрсетті. Алайда, Ойыл, Темір, Байғанин аудандарының командалары да осал еместігін дәлелдеп берді. Волейбол ойыны жанкүйерлердің қызу қолдауларымен үндесіп, ақтық бөсекеге жақындаған сайын ойын-



тікелей мұрындық болуымен өткен спорттық шараның шымылдығы Елеусін ағамыздың ел үшін еткен еңбек жолы мен өмір жолы толтастырылған бейнебаянмен түрілді. Елеусін Наурызбайұлының білімі мен беделі, іскерлігі ойылдықтарға бұрыннан мәлім. Өйтсе де ер ауданнан келген спортшыларға бұл шараның мән-маңызын мәлімдеген сөз сөйлеушілер Елеусін Наурызбайұлының өскелең ұрпаққа жол көрсетер өнегелі істерін айтып, құттықтау тілектерін жеткізді. Алдымен Елеусін ағаның апасы Ақпаша Наурызбайқызы інісінің мерейтойына арнап, жоғары деңгейдегі аймақтық спартакиаданы ұйымдастырушылар тарапына алғысын білдіріп, рақметін айтты.

айтты. Келесі кезекте спорт ардагері Рақым Қарабалиев Елеусін Наурызбайұлының өліміздің болашағы үшін атқарған жұмыстарын сөз етсе, спорт ардагері Әділ Жумағазин мемлекет және қоғам қайраткеріне деген құрмет ешқашан тоқтамау керектігін айта келе, барша спортшыларға сәттілік тіледі. Өрі қарай спорттық ойындар өз кезегінде жалғасын тапты. Спорттың 6 түрінен өткен додаға 7 команда қатысып, бақтарын сынады. Тоғызқумалақ, үстел теннисі, пневматикалық мылтық ату, гир тасын көтеру, қол күрес, волейбол бойынша кіл мықтылар тартысты ойын көрсетті. Бірінен бірі озсам деген спортшыларымыз есе жібермеуге тырысты. Қол күрестен 60, 70, 80 килограмм салмақ дәрежесі бойынша

шылардың қарқыны үдей түсті. Нәтижесінде Темір ауданы жеңімпаз атанды. Ал, командалық есеп бойынша тарқатсақ, Ойыл ауданының бірінші командасы 3 орын, Мәртөк ауданы екінші орын, Ойылдың екінші командасы жеңімпаз болды. Спартакиада соңында барша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медальдар мен кубоктар, қаржылай сыйлықтар табысталды. Айтулы додадан қорытындылаған Ойыл аграрлық колледжидің директоры Серік Фазизұлы спартакиаданың өткізілуіне демеушілік көрсетіп, қолдау білдірген азаматтарға айрықша алғысын білдірді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

ҚОҒАМДЫҚ ШТАБ – РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРЕДІ

Биылғы наурыз айындағы Жолдауында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтар талап еткен реформалардың кезек күттірмей жүргізілетінін және мемлекет саясатында елдің тұрақты дамуы ерқашан басты басымдық болатынын атап өтті. Референдум - Президент айтқан реформалардың бастауы деп білеміз. Мемлекеттік басқару жүйесін өзгертіп, елдегі саяси ахуалға жаңа дем беретін Конституциялық референдум - жалпыхалықтық деңгейде алғаш өткізіледі.

Осы орайда Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумды түсіндіру мақсатында құрылған аудандық қоғамдық штаб өз жұмысын бастады. Аудандық қоғамдық штаб төрағасы Серікбай Қойбағаров пен штаб мүшелері алдымен аудан орталығындағы мекемелер мен білім беру ұйымдарының ұжымдарымен кездесті. Кездесуде жаңа Қазақстан құру жолында Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жөнінде түсінік беріліп, саяси науқанға үн қосудың ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екендігіне тоқталды.



Сонымен қатар Ш.Берсиев атындағы Қаратал ауылдық округі және Саралжын ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Елді мекендегі мектеп мұғалімдері мен балабақша ұжымымен, аурухана қызметкерлерімен кездесіп, елдің келешегі мен ұрпағының болашағы алаңдататын әр қазақстандық Президент ұсынған Конституцияға енгізілетін өзгерістер бойынша

өткізілетін бүкілхалықтық референдумда дауыс беру арқылы өз үнін қоса алатынын атап өтті. Р.С. Жаңа Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам болып табылатын референдумды қолдаудың маңыздылығы мен Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ.

БИЫЛҒЫ БІЛІМНІҢ МЕЖЕСІ

2021-2022 оқу жылын ауданда орналасқан 23 мектепке - 3406 оқушы тартылып, оқу жылын - 3380 оқушы аяқтап отыр.

Негізгі мектеп курсың 301 оқушы бітірсе, соның 42-сі «Негізгі орта білім туралы» «Үздік аттестат» үміткер бар. 2022 жылы 13 орта мектепті барлығы - 162 оқушы аяқтаса, ҰБТ нысанына - 120 оқушы қатынасуда тілек білдіріп отыр. Бұл барлық оқушылардың - 74,0%. 2021-2022 оқу жылын - 696 оқушы үздік (20,8%) . 11 класс оқушылары арасынан «Алтын белгі» аттестатына - 20 оқушы, Ерекше үлгідегі «Үздік аттестатқа» 9 оқушы үміткер ретінде тіркелді.

2021-2022 оқу жылы бойынша ауданымыздың дарынды балалары облыстық, республикалық олимпиадалар, ғылыми жарыстар, шығармашылық байқауларға қатысудан үздіктер қатарында. Биылғы оқу жылында аталған шараларға 380 оқушы қатысып, оның 210-і (58 %)жүлдегер атанды. «Qazaq Eros» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының облыстық кезеңіне ауданымыздан 3 оқушы қатысып, Сапақкөл ОМ 8-сынып оқушысы Әсел Тоғызбаева жүлделі II орынға және 350 000 теңге сертификатына ие болды. Жыр байқауына дайындаған мұғалімі Рахима Абдрахманова 700 000 теңге сертификатын алды.

Түркістан қаласында өткен республикалық «Ясауитану» білім байқауынан Құрман орта мектебінің



оқушысы Әсем Сисенова жүлделі III орын, Шұчые қаласында өткен «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстарының конкурсының республикалық кезеңінен Құрман орта мектебінің оқушысы Әлім Мустахим мақтау қағазын иеленді. Ойыл қазақ орта мектебінің оқушысы Дуалет Алтыбаев 5-6 класс оқушылары арасында өткен олимпиаданың облыстық кезеңінен I орын, республикадан мақтау қағазымен марапатталды.

Павлодар қаласында өткен республикалық Мөшһүр – Жүсіп оқуларына қатысқан Көсембай негізгі мектебінің оқушысы Динара Қырықбаева жүлделі III орынға ие болды. Өскемен қаласында өткен «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасына қатысқан

Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының мұғалімі Шұға Жұбанова жүлделі II орынмен, Алматы қаласында өткен «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында өз авторлық жұмысын көрсетіп Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясының «Жас археолог» үйірмесінің жетекшісі Медет Құлмұханов жүлделі II орынмен марапатталды.

Р.С. 2022-2023 оқу жылына 1 сыныпқа 350 оқушы білім алады деп жоспарлануда. Қазіргі таңда 2022 жылдың 1 сәуірінен 1 тамызына дейін 1 сыныпқа қабылдау жүргізіліп жатыр.

Гүлмира САДАҚБАЕВА, Ойыл аудандық білім бөлімінің жалпыға орта міндетті білім беру жөніндегі бас маманы.

«ТАРИХ ҚАЗЫНАСЫНДА» ӨТКЕН ТАРТЫМДЫ КЕЗДЕСУ МҮЗЕЙ



18-ші мамыр - тарихи-мәдени мұралардың ошағы саналатын музей күні. Осы орайда Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұйымдастыруымен «Музей- тарих қазынасы» атты салтанатты апталықтың ашылу шарасы өтті.

Айтулы шараға мәдени сала қызметкерлері, тарихшылар және ел ағалары қатысып, мұражай қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, жылы лебідерін жеткізді. Сондай-ақ, бірнеше құнды жәдігерлер мұражайға табыс етілді. Өз кезегінде аудандық өнер және тарихи өлкетану музейінің директоры Балқия Рысбаева мұражайға тарихи жәдігерлер сыйлайтын деген кезкелген азаматтарға аудандық өлкетану мұражайының есігі қашан да ашық екенін атап өтті. Шара барысында аудандық мұражайға

ерекше үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар алғыс хатпен марапатталды. Тарқатып айтсақ, өлке тарихының алтын қазынасын, биік руханиятын, озық мәдениетін танытудағы музей қорын құнды жәдігерлермен толықтыруда белсенділігі үшін Айжан Айжарыққызы, Ира Айсақызы, музей ұйымдастырған іс-шаралар барысында қолдау көрсетіп, жанашырлығы үшін Лиза Қанатқызы, Люба Хамитқызы марапатталды. Сонымен қатар «Үздік жәдігер тапсырушы» номинациясы бойынша «Замандас» аналар клубының мүшесі Зауреш Молдашова, «Мәдени – шараға үздік қатынасұшы» номинациясы бойынша Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Айдана Аманжолқызы, «Әлеуметтік желідегі үздік қолдаушы» номинациясымен Мерген Айдаров, «Музейдің

ғылыми жұмыстарының белсенді қолдаушысы» номинациясы бойынша Нұрлан Нұрымжанұлы, «Музей волонтері» номинациясы бойынша Ш.Берсиев атындағы орта мектептің өлкетану үйірмесінің жетекшісі Сәкен Базарғалиұлы, өлке тарихының алтын қазынасын, биік руханиятын, озық мәдениетін танытуда Ойыл ауданының табиғи, тарихи- ескерткіштерін QR- код арқылы көретін электронды карта жасақтауда әріптестік қолдау білдіріп, белсенділік танытқаны үшін «Тарихи - мәдени мұраны зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығы» КММ-нің археология және қала құрылысы ескерткіштерін қорғау бөлімінің мөнергерушісі Берік Абайұлына Алғыс хат табысталды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

2022 жылдың II, III-тоқсандарына арналған Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Адилханов Болатбек, бөлім басшысының міндетін атқарушы	20,27 мамыр 3,10,17,24 маусым 1,8,15,22,29 шілде 5,12,19,26 тамыз 2,9,16,23 қыркүйек күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-77

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТИСІ АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨМЕНДЕГІ СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАСУДЫ СУРАЙДЫ. СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫНЫҢ НОМЕРІ 2-11-54. СОНЫМЕН ҚАТАР, МЕКЕМЕДЕ ҰСЫНЫС – ПІКІР САЛУ ҮШІН ЖӨШІК ОРНАТЫЛҒАН.

МЕМЛЕКЕТТІК ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН БЕРІЛГЕН ЖАЛДАМАЛЫ-КОММУНАЛДЫҚ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ЖАЛДАУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУДІ ҰМЫТПАҢЫЗ!

«Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруа-шығығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жасақталған келісім шартқа сәйкес жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйлерді жалдаушылардың басым бөлігі ауызша және жазбаша ескертулер берілгеннен бүгінгі күнге нәтижесі болмай жинақталған

берешектер өтелмей қалуда. Жалға беруші «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 107-бабының 4-тармағына сәйкес жалдаушыны, оның отбасы мүшелерін немесе онымен бірге тұратын басқа да адамдарды олар делелді себептерсіз тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеуді

қатарынан алты ай бойы жалтарса, басқа тұрғын үй берілместен шығаруға құқығы бар екендігін, сонымен қатар сотқа талап арыз жолдау шаралары жүргізілетіндігін ескертеді. Келісім шарт талаптарындағы есеп айырысуды жүргізу тәртібіне сәйкес берешектерді өтеу бойынша ер айдың 5-күнінен кешіктірмей төлем жүргізулерісіз сұралады.

«Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі